

Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

«БЕКІТЕМІН»  
Басқарма-Төрағасы Ректор М. а.

З.Ф.Д. Нурманбетов К.Ә.

« 28 » 2024 ж.



### БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

#### 6B01510-Математика

Тіркеу номері	6B01500027
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау
Білім беру бағдарламаларының (БББ) тобы	B009 Математика мұғалімдерін даярлау
БББ түрі	Қолданыстағы БББ
ББХСЖ бойынша деңгейі	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СБШ бойынша деңгейі	6
Оқыту тілі	қазақша, орысша
БББ көлемі	240 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО (ҚДББ)	-

Шымкент, 2024 ж.

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	Қызметі	Қолданбасы
Алтынбеков Ш.Е.	М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Математика» кафедрасы меңгерушісінің м.у.а., PhD	
Искакова Л.Т.	«Өрлеу» Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша филиал директоры, п.ғ.д., профессор 07.02.24 м	
Аманкулова А.С.	А.С. Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназия директоры 06.02.24 м	
Сахова А.А.	М.Х. Дулати атындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған №8 гимназия директоры 05.02.24 м	
Сарсенбаева Ж.П.	А.Байтұрсынов атындағы №50 мектеп-гимназия директоры 05.02.24 м	
Кайыпов А.С.	№65 жалпы орта білім беретін мектебі директоры 05.02.24 м	
Дуйсебаева П.С.	М.Әуезов атындағы ОҚУ, «Математика» кафедрасының аға оқытушысы	
Сансызбай Д.	ЕП-23-1к тобы білім алушысы	

Білім беру бағдарламасы Жаратылыстану ғылымдары, Математика және статистика бағытындағы БББ сапасын қамтамасыз ету бойынша академиялық комитет мәжілісінде қаралды,

«23» 02 2024 ж. № 4 хаттама.

АК (комитет) төрағасы  Турсынбаев А.З.

М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды,

«28» 02 2024 ж. № 4 хаттама.

ОӘК төрағасы  Сарыкулов К.Р.

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді,

«28» 03 2024 ж. № 10 хаттама.

## Мазмұны

1.	Білім беру бағдарламасының концепциясы	4
2.	Білім беру бағдарламасының паспорты	6
3.	Білім беру бағдарламасының бітіруші түлегінің құзыреттіліктері	8
3.1.	Жалпы БББ бойынша оқыту нәтижелерінің қалыптасатын құзыреттермен арақатынасы матрицасы	9
4.	Модульдер мен пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ықпалы мен еңбек көлемі туралы мәліметтер матрицасы	10
5.	Білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде меңгерілген кредиттер көлемін көрсететін жиынтық кесте	38
6.	Оқыту стратегиясы, әдістері және жасанды интеллект, бақылау және бағалау	39
7.	Білім беру бағдарламасын оқу-ресурстық қамтамасыз ету	40
	Келісу парағы	41
	Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі	
	Қосымша 2. Эксперттік қорытынды	
	Қосымша 3. Кәсіби стандарттар	

## 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ

<b>Университеттің миссиясы</b>	Жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, зерттеушілік ойлау мен мәдениетті тарататын көшбасшы дайындау.
<b>Университеттің құндылықтары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Ашықтық – өзгерістерге, инновацияларға және ынтымақтастыққа әзір;</li> <li>– Шығармашылық – идеяларды тудырады, оны дамытады және құндылықтарға айналдырады;</li> <li>– Академиялық еркіндік – таңдау жасаудағы, дамудағы еркіндік және іс-әрекет;</li> <li>– Серіктестік – барлығы жеңіске жетететін және сенімділік пен қолдау тудыратын қарым-қатынасты құру;</li> <li>– Әлеуметтік жауапкершілік – міндеттемелерді орындауға, шешім қабылдауға және оның нәтижелері үшін жауапты болуға дайын.</li> </ul>
<b>Бітіруші моделі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Пән бойынша терең білім алу, оны кәсіби қызметте қолдану және үнемі кеңейту;</li> <li>– Ақпараттық және цифрлық сауаттылық және ұтқырлық;</li> <li>– Зерттеу дағдылары, шығармашылық және эмоционалды интеллект;</li> <li>– Кәсіпкерлік, тәуелсіздік және өз қызметі мен әл-ауқатына жауапкершілік;</li> <li>– Жаһандық және ұлттық азаматтық, мәдениеттер мен тілдерге төзімділік.</li> </ul>
<b>ББ бірегейлігі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген түлектің кәсіби құзыреттерін қалыптастыру арқылы өңірлік еңбек нарығына және әлеуметтік тапсырысқа бағдарлану.</li> <li>– Практикаға бағдарлану және сыни ойлау мен іскерлікті дамытуға, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауатты және бәсекеге қабілетті болуға және еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік беретін кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға аса назар аудару.</li> </ul>
<b>Академиялық адалдық және этика саясаты</b>	<p>Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті сақтау, кез келген төзімсіздік пен кемсітушіліктен қорғау шаралары қабылданды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Академиялық адалдық ережелері (10.10.2022 ж. №212-нқ бұйрығы);</li> <li>– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт (07.12.2021ж. №221-нқ бұйрығы);</li> <li>– Әдеп кодексі (10.10.2022ж., №212-нқ бұйрығы);</li> </ul>
<b>БББ әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;</li> <li>2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы No 595 бұйрығымен және 29.12.2021ж №614 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;</li> <li>3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар</li> <li>4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;</li> <li>5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі No 152 бұйрығымен және 23.09.2022 жылғы №79 өзгерістер мен толықтыруларымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесі;</li> <li>6. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы No 553 бұйрығымен бекітілген</li> </ol>

	<p>Басшылар, мамандар және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.</p> <p>7. Оқу процесіне ECTS принциптерін енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту бойынша әдістемелік ұсыныстар. ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығына қосымша. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 12 ақпандағы № 57 бұйрығы</p> <p>8. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі Нұсқаулық, ҚР ҒЖБМ жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы директорының 4.05.2023 жылғы № 601 н/к бұйрығына 1-қосымша</p>
<b>Оқу процесін ұйымдастыру</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Болон процесінің принциптерін жүзеге асыру;</li> <li>– Білім алушыға бағытталған оқыту;</li> <li>– Қол жетімділік;</li> <li>– Инклюзивтілік.</li> </ul>
<b>БББ сапасын қамтамасыз ету</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі;</li> <li>– БББ әзірлеуге және оны бағалауға стейкхолдерлерді тарту;</li> <li>– жүйелі мониторинг;</li> <li>– Мазмұн өзектілігі (жаңарту)</li> </ul>
<b>Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар</b>	<p>Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес ҚР БҒМ 31.10.2018 жылғы №600 бұйрығына 02.06.2023ж. №252 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар</p>
<b>Мүгедектігі және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру бағдарламалары н іске асыру шарттары</b>	<p>Ерекше білім беруді қажеттететін және мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін оқу ғимараттары мен студенттік жатақханаларда тактильді ПВХ плиткалары, арнайы жабдықталған дәретханалар, мнемоникалық схемалар, душ бөлмелерінде штангалар орнатылған. Автотұрақта арнайы орындар жасалған. Шынжыр табанды көтергіш орнатылған. Қозғалысы шектеулі адамдарға (ҚША) арналған үстелдер, қозғалыс бағытын көрсететін белгілер, пандустар қойылған. Оқу корпусында (бас ғимарат, № 8 ғимарат) тірек-қимыл аппараты (ТҚА) бұзылыстары бар пайдаланушылар үшін бейімделген алты жұмыс орны бар 2 бөлме жабдықталған. Көру қабілеті нашар пайдаланушылар үшін SARA™ CE машинасы (2 дана) кітаптарды сканерлеу және оқу үшін қолжетімді. Кітапхананың веб-сайты нашар көретіндерге бейімделген арнайы NVDA аудио бағдарламасы қызмет көрсетеді. ББАО сайты <a href="http://lib.ukgu.kz/">http://lib.ukgu.kz/</a> тәулік бойы жұмыс істейді.</p> <p>Оқу процесін ұйымдастыруда және сабақтардың барлық түрлерінде жеке сараланған тәсіл қарастырылған.</p>



## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

<b>БББ мақсаты</b>	Білім беру бағдарламасының мақсаты: Жалпы білім беру жүйесіндегі педагогика саласындағы теориялық, практикалық білімдерді, математиканың оқыту әдістемесін меңгерген математика бакалавры мұғалімдерін дайындау
<b>БББ міндеттері</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қоғамдағы әлеуметтік жауапты мінез-құлықты қалыптастыру, кәсіби этикалық нормалардың маңыздылығын түсіну және осы нормаларды ұстану;</li> <li>- өмір бойы оқуды жалғастыруға мүмкіндік беретін бакалавриаттың базалық білімін қамтамасыз ету, олардың кәсіптік мансаптары бойынша өзгертін жағдайларға сәтті бейімделу;</li> <li>- дамудың жоғары жалпы интеллектуалды деңгейін иелену, білім беру саласында ғылыми және ұйымдастырушылық сауатты меңгеру, ойлау мәдениеті мен ғылыми ұйымдастыру дағдыларын меңгеру үшін жағдай жасау;</li> <li>- магистратураға мамандық бойынша немесе үздіксіз білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін зияткерлік, физикалық, рухани, эстетикалық даму үшін жағдай жасау</li> <li>- Сұранысқа ие білім мен дағдыларды қалыптастыру, халықтың әлауқатын жақсартуға және тұрақты даму мақсаты аясында планетаны қорғауға саналы көзқарас қалыптастыру үшін жағдайлар жасау</li> </ul>
<b>БББ үйлесімділігі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-шы деңгейі;</li> <li>• 6 -шы біліктілік деңгейінің Dublin Descriptors;</li> <li>• Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area);</li> <li>• Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).</li> </ul>
<b>БББ кәсіби саламен байланысы</b>	«Педагог» кәсіптік стандарты (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығы)
<b>Берілетін дәреженің атауы</b>	Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге: 6B05410-Математика білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры дәрежесі беріледі.
<b>Біліктілік пен лауазымдар тізімі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мектеп мұғалімі</li> <li>- білім беру саласындағы педагог, колледж</li> <li>- математика пәнінің мұғалімі</li> </ul>
<b>Кәсіби қызмет саласы</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-мектепте оқу процесін жүргізу</li> <li>-оқушыларға тәрбиелік әсер ету</li> <li>-жалпы білім беру ұйымдарында, білім беру мекемелері мен орталықтарында балалар мен оқушы жастарды дамыту саласы</li> </ul>
<b>Кәсіби қызмет нысандары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- барлық меншік нысанындағы білім беру ұйымдарының оқушылары</li> <li>- колледж студенттері</li> <li>- балалар мен жастарды дамыту орталықтарындағы тәрбиеленушілер</li> </ul>
<b>Кәсіби қызмет пәні</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-білім беру процесі оның құндылық-мақсатты бағдарларының, мазмұнының, әдістерінің, нысандары мен нәтижелерінің бірлігінде;</li> <li>-математика, педагогика, психология және математиканы оқыту әдістемесі саласындағы ғылыми-зерттеу, инновациялық, ақпараттық-талдау қызметі</li> <li>-оқу-әдістемелік әдебиеттермен жұмыс, кәсіби даму және біліктілікті арттыру</li> </ul>
<b>Кәсіби қызмет түрлері</b>	-білім беру: оқушыларды оқыту және дамыту, оқыту мен тәрбиелеу

	<p>процесін ұйымдастыру, педагогикалық процесі жобалау және басқару, диагностика, түзету, педагогикалық қызмет нәтижелерін болжау;</p> <p>-зерттеу: математика, педагогика, психология және математиканы оқыту әдістемесі саласында ғылыми зерттеулер жүргізу;</p> <p>-ұйымдастырушылық-әдістемелік: инновациялық оқыту тәжірибесін зерделеу, жинақтау және тарату;</p> <p>-білім беру саласында оқушылармен және ата-аналармен мәдени-демалыс жұмыстарын қоғамдық ұйымдастыру, математикалық мәдениет саласында білім беру жұмысының бағдарламаларын, әдістемелері мен технологияларын әзірлеу</p>
<p><b>Оқыту нәтижелері</b></p>	<p>ОН1-Академиялық жазу және академиялық адалдық мәдениеті қағидаттарын ескере отырып, кәсіби ортада және қоғамда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде еркін қарым-қатынас жасау</p> <p>ОН2-Дүниетанымдық, азаматтық, рухани және әлеуметтік жауапкершілікті, ғылыми және эксперименттік зерттеу әдістерін қалыптастыру негізінде әлеуметтік-мәдени, кәсіби дамуды көрсету</p> <p>ОН3-Ақпараттық және есептеу сауаттылығына, ақпаратты жалпылау, талдау және қабылдау, мақсат қою және оған жету жолдарын таңдау қабілетіне ие болу</p> <p>ОН4-Педагогикалық процесі психологиялық-педагогикалық жобалаудың әдістері мен әдістерін меңгеру, оларды кәсіби қызметінде пайдалану</p> <p>ОН5-Білім беру процесін жетілдіру бойынша өзекті зерттеулердің нәтижелерін зерделей отырып, оқытудың озық әдістемелерін пайдалану</p> <p>ОН6-Педагогикалық, оқу-тәрбие және ғылыми-әдістемелік міндеттерді шешу, оқушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып сабақтар құрастыру және өткізу</p> <p>ОН7-Математиканы оқытудың инновациялық технологияларын, пәндік дағдыларды қалыптастыру әдістерін, оқушылардың математикаға деген қызығушылығын қалыптастыру әдістерін қолдану</p> <p>ОН8-Теориялық, іргелі және қолданбалы математиканың практикалық есептерін шешу үшін физика-математикалық аппаратты және заманауи компьютерлік технологияларды пайдалану</p> <p>ОН9-Тәрбие жұмысының әдістемесін, білім берудің заманауи тұжырымдамаларын және оқытудың оқу жетістіктерін бағалау құралдарын пайдалана отырып, білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін ынталандыру арқылы олардың мінез-құлқын басқару</p> <p>ОН10-Белгісіздік жағдайында зерттеу, кәсіпкерлік және жұмыс дағдыларын қолданыңыз.</p> <p>ОН11-Жеке және топ мүшесі ретінде тиімді жұмыс істеу, ресми, бейресми, ақпараттық нысандарда кәсіби үздіксіз білім беруді жоспарлау</p> <p>ОН12- Білім алушылардың оқу және сыныптан тыс іс-әрекеттерін ұйымдастыру кезінде математикалық пайымдау, функционалдық сауаттылық, зерттеу қызметі дағдыларын көрсетеді</p>

### 3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БІТІРУШІ ТҮЛЕГІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

<b>ЖАЛПЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР (SOFTSKILLS):</b> Мінез-құлық дағдылары және тұлғалық құзыреттіліктер	
<b>ЖҚ1.Өзінің жеке сауаттылығын басқарудағы құзыреттіліктер</b>	<p>ЖҚ1. 1. Оқытудың тиісті әдістемелері мен бағалау құралдарын айқындай отырып, білім алушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сабақ жоспарларын құра білу</p> <p>ЖҚ1.2. Оқушылардың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың дамуының жеке траекториясын жобалау. Жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеудің бағдарламалары мен әдістемелерін жобалау, әзірлеу</p> <p>ЖҚ1.3. Еңбек заңнамасының негіздерін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін білу. Оқыту әдістемесінің негіздері, оқытудың заманауи технологиялары, оның ішінде ақпараттық. Жас және жеке даму заңдылықтары</p>
<b>ЖҚ2.Тілдік құзыреттілік</b>	<p>ЖҚ2.1.Білім беру және нақты ғылымдар саласындағы ұғымдарды, ойларды, сезімдерді, фактілер мен пікірлерді жазбаша және ауызша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) білдіруге және түсінуге қабілетті.</p> <p>ЖҚ2.2.Әлеуметтік және мәдени контексттердің барлық түрлерінде лингвистикалық тұрғыдан сәйкес және шығармашылықпен өзара әрекеттесуге қабілетті: оқу кезінде, жұмыста, үйде және бос уақытта.</p>
<b>ЖҚ3.Математикалық компетенция және ғылым саласындағы құзыреттіліктер</b>	<p>ЖҚ3.1.ЖОО-да математикалық, жаратылыстану, техникалық пәндерді оқу кезінде алған білім беру әлеуетін, тәжірибесі мен жеке қасиеттерін қолдану, кәсіби есептерді шешуді бақылау және бағалау, математикалық және жаратылыстану-ғылыми ойлауды дамыту тәсілдерін айқындау қабілеті мен дайындығы</p>
<b>ЖҚ4.Сандық компетенция және технологиялық сауаттылық</b>	<p>ЖҚ4.1.Өмірінің барлық салаларында мен кәсіби қызметінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылығын көрсету және дамыту, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін: интернет ресурстарын, ақпаратты іздеу, сақтау, қорғау және тарату бойынша бұлттық және мобильді қызметтерді пайдалануға қабілетті.</p>
<b>ЖҚ5.Жеке, әлеуметтік және оқу құзыреттіліктері</b>	<p>ЖҚ5.1.Сыни тұрғыдан ойлау, интерпретация, талдаудың креативтілігі, қорытынды шығару, бағалау дағдыларын меңгеру; креативтілік пен белсенді өмірлік ұстанымға ие болу; белгісіздік пен тәуекел жағдайында кәсіби сипаттағы шешімдер қабылдау.</p> <p>ЖҚ5.2.«Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген педагогикалық әдеп қағидаларын білу (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20619 болып тіркелген).</p> <p>ЖҚ5.3.Зерттеу қызметін табысты жүзеге асыру; білім алушылардың психологиялық және физиологиялық даму заңдылықтарын, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар және олардың әртүрлі жас кезеңдеріндегі оқу процесінде көріністерін білу, критериялды бағалауды, педагогикалық инновациялар мен технологияларды ескере отырып, кәсіби қызметте математиканы оқытудың педагогикасы, психологиясы мен әдістемесі туралы білімдерін пайдалану, жаңашылдыққа қабілетті болу, дамуға ұмтылу оның педагогикалық шеберлігі.</p>
<b>ЖҚ6.Кәсіпкерлік құзыреттіліктері</b>	<p>ЖҚ6.1. Экономиканы мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен әдістерін, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлін білу және түсіну қабілеті;</p>



	экономикалық білім негіздерін меңгеру; сыни ойлау, түсіндіру, талдау креативтілігі, қорытынды шығару, бағалау дағдыларын меңгеру; кәсіби міндеттерге қол жеткізу үшін жобаларды басқару, персоналды басқару, кәсіпкерлік дағдыларды көрсету.
<b>ЖҚ7.Мәдени хабардар болу және өзін таныту қабілеттіліктері</b>	ЖҚ7.1.Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін білу және түсіну қабілеті әлемнің басқа халықтарының дәстүрлері мен мәдениетіне төзімді, толерантты мінез-құлық көзқарастарын біледі; алалаушылыққа ұшырамайды, жоғары рухани қасиеттерге ие, ақылды адам ретінде қалыптасады. ЖҚ7.2.Әлемнің басқа халықтарының дәстүрлері мен мәдениетіне төзімді болу, жоғары рухани қасиеттерге ие болу, дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын көрсету қабілеті.
<b>КӘСІПТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕП (HARDSKILLS):</b>	
<b>Дайындаудың осы бағыты үшін тиісті, арнайы теоретикалық білімдер және тәжірбиелік дағдылар, қабілеттер</b>	КҚ1. Білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, еңбек заңнамасының негіздерін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын, оқу пәнінің мазмұнын, оқыту мен бағалаудың қазіргі заманғы әдістемелерін білу
	КҚ2. Білім алушылардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, сабақ жоспарларын құра білу, оқытудың тиісті әдістемелері мен бағалау құралдарын айқындай отырып, оқушылардың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жеке даму траекториясын жобалай білу, оқыту мен тәрбиелеудің бағдарламалары мен әдістемелерін олардың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып жобалау, әзірлеу
	КҚ3. Кәсіптік қызметтің нәтижелерін, бағдарламаларын, оқушыларды оқыту және дамыту әдістемесін, пәнді оқытудың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін, әдістемесін әзірлеу және ұсыну іскерліктері мен дағдылары
	КҚ4. Білім беру процесін жетілдіру бойынша өзекті зерттеулердің нәтижелерін өз бетінше және командада зерделеу
	КҚ5. Инновациялық педагогикалық тәжірибені зерделеу және қолдану қабілеті, өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылу.

### **3.1 ЖАЛПЫ БББ БОЙЫНША ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСАТЫН ҚҰЗЫРЕТТЕРМЕН АРАҚАТЫНАСЫ МАТРИЦАСЫ**

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12
ЖҚ1	✓			✓			✓		✓			
ЖҚ 2			✓		✓						✓	✓
ЖҚ 3		✓			✓		✓		✓	✓		
ЖҚ 4	✓		✓			✓					✓	
ЖҚ 5				✓		✓						✓
ЖҚ 6		✓	✓				✓		✓		✓	
ЖҚ 7	✓		✓							✓		
КҚ 1				✓	✓			✓		✓		
КҚ 2	✓							✓			✓	
КҚ 3		✓			✓		✓	✓	✓			
КҚ 4				✓		✓		✓		✓		



















5	Педагогикалық шеберлік негіздері	БП	ЖК	Педагогика және киберпедагогика	<p>Мақсаты – болашақ мұғалімдерді қазіргі педагогика ғылымының теориялық және әдістемелік негіздерімен, педагогикалық процесті ұйымдастыру технологиясы бойынша кәсіби құзыреттіліктермен қаруландыру, киберпедагогиканың заңдылықтары мен ғылыми принциптеріне сүйене отырып, студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде білім беру процесін жобалау мен құруға дайындығын қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны. Педагогика ғылымының генезисі, біртұтас педагогикалық процестің заңдылықтары мен принциптері. Тәрбие және дидактика теориясының негіздері, қазіргі мектепті басқару мәселелері, киберпедагогиканың ғылыми принциптері мен заңдылықтары, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде оқу үдерісін басқарудың әдіснамасы мен технологиясы, қашықтықтан оқыту және аралас оқыту әдістемесі.</p>	5					✓	✓							✓
		БП	ЖК	Инклюзивті білім беру	<p>Мақсаты. Инклюзивті білім берудің заманауи әлемдік және отандық теорияларымен таныстыру, инклюзивті білім беруді жобалау мен ұйымдастыруда болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру.</p> <p>Мазмұны. Инклюзивті білім берудің әлеуметтік мәні мен ерекшеліктері. Инклюзивті білім берудің заңдылықтары, принциптері мен моделдері. Жалпы білім беретін мектептрдегі инклюзивті білім беру қызметін реттейтін құқықтық құжаттар. Білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың тәсілдері мен технологиялары. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды инклюзивті оқыту үшін психологиялық-педагогикалық қолдау және қолайлы жағдай жасау әдістері, инклюзивті білім беру ортасын құру мәселелері</p>	4					✓	✓	✓						

		КП	ЖК	Арнайы пәндер практикумы	<p>Пәннің мақсаты, ұлттық біліктілік тестілеуіне дайындық.</p> <p>Ол ұйымдастырушылық, аналитикалық дағдыларды, стрессті басқаруды дамытуға бағытталған. Аттестаттаудың әртүрлі түрлері мен форматтарын, тапсырмалардың түрлерін, компьютерлерді, мұғалімдерді аттестаттаудың әртүрлі түрлеріне дайындалу, тестілеу. Математикалық және функционалдық сауаттылықты дамытатын тест тапсырмаларын шешудегі тәжірибе және тестке дайындық деңгейін, сондай-ақ кәсіби қызметті өзін-өзі бағалауды жүргізу</p>	4			✓	✓	✓	✓							
		БП	ЖК	Педагогикалық практика	<p>Мақсаты студенттердің оқытушылық қызмет саласындағы практикалық тәжірибесін игеру, кәсіби дағдылар мен құзыреттерді дамыту, сондай-ақ болашақ мұғалімнің кәсіби сәйкестігін қалыптастыру болып табылады. Мазмұны: студенттерді оқу сабақтарын ұйымдастырумен және өткізумен, оқушылармен және әріптестермен өзара іс-қимылмен, заманауи педагогикалық технологияларды қолданумен, білім беру процесінің нәтижелерін талдаумен және бағалаумен, олардың оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеумен және іске асырумен, педагогикалық қызметке бейімделумен және рефлексивті құзыреттілікті дамытумен таныстыруға бағытталған.</p>	1			✓		✓			✓	✓				
6	Психолого-педагогикалық ғылымдар негізі	БП	ЖК	Оқушылардың физиологиялық дамуы	<p>Пәннің мақсаты-болашақ мұғалімдерге балалар мен жасөспірімдер денесінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері, оның қоршаған ортамен қарым-қатынасы туралы заманауи мәліметтер беру, оқушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтудың, олардың әртүрлі оқу іс-әрекеттерінде жоғары жұмыс қабілеттілігін сақтаудың негізінде жатқан заңдылықтар туралы біліммен қаруландыру.</p>	4					✓			✓					

				Ағзаның өсуі мен дамуы; жүйке жүйесінің дамуы; жоғары жүйке қызметінің қалыптасуы және баланың даму процесінде оның қалыптасуы; сенсорлық ; эндокриндік; тірек-қимыл аппараты; тыныс алу; ас қорыту; қан және жүрек-тамыр жүйесі. Мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау, салауатты өмір салты ережелеріне қалыптастыру														
		БП	ЖК	Жалпы және жас ерекшелік психологиясының негіздері	Мақсаты: адам психикасының дамуының жас ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі психикалық құбылыстар туралы білімдерді оқып-үйрену және меңгеру негізінде оқушылардың психологиялық ойлауын дамыту. Мазмұны: психологияға кіріспе. Сана. Тұлға. Белсенділік. когнитивтік процестер. Ерік, эмоция, сезім психологиясы. Темперамент. Кейіпкер. Мүмкіндіктер. Онтогенездегі психиканың құрылымы, қызметтері, заңдылықтары, когнитивтік процестер, жағдайлар, факторлар, психиканың даму механизмдері. Даму психологиясының әдіснамалық негіздері, ұғымдары, категориялары, механизмдері, жасқа байланысты өзгерістердің сипаты. Адам психикасы дамуының әртүрлі жас кезеңдеріндегі тұлғаның жағымды дамуының ерекшеліктері, себептері мен факторлары, шарттары мен болашағы	4				✓		✓				✓		
		БП	ЖК	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	Мақсаты: мектептегі тәрбие жұмысын жобалау, құрастыру және ұйымдастыру бойынша болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру. Мазмұны. Мектеп пен сыныптың тәрбие процесінің, тәрбие жұмысының, тәрбие жүйелерінің мәні мен ерекшеліктері, сынып жетекшісі жұмысының мазмұны, қызметі, мектептегі және сыныптағы тәрбие жұмысын жоспарлау, сынып ұжымын және оқушылармен	4				✓		✓				✓		



				жеке тәрбие жұмысын ұйымдастыру, педагогикалық көмек көрсету дағдылары, қиын және дарынды балалармен жұмыс істеу дағдылары, оқушылардың ата-аналарымен ынтымақтастықта жұмыс жасау әдістері, оқушылармен кәсіптік бағдар беру жұмысының мәселелері. Тәрбие жұмысының тиімділігін диагностикалау әдістері														
		БП	ЖК	Психолого-педагогикалық практика	<p>Психологиялық-педагогикалық практиканың мақсаты студенттердің психология және педагогика саласындағы дағдылары мен білімдерін меңгеру, сондай-ақ білім беру және психологиялық қолдау саласында жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби құзыреттіліктерді дамыту болып табылады.</p> <p>Мазмұны: білім алушылармен нақты жұмыс жағдайында психологиялық және педагогикалық білімді практикалық қолдануға, психологиялық және педагогикалық жағдайларды талдауға және бағалауға, педагогикалық іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға, педагогикалық қызметке бейімделуге және болашақ психологтың немесе мұғалімнің кәсіби сәйкестігін қалыптастыруға бағытталған.</p>	2				✓		✓				✓	✓	
7	Математиканы оқытудың әдістемелік негіздері	КП	ЖК	Математиканы оқыту әдістемесі мен бағалау	<p>Пәннің мақсаты-студенттерді әртүрлі білім беру мекемелерінде математиканы құзыретті оқытуға дайындау.</p> <p>Пәннің мазмұны: математиканы оқыту әдістемесінің негіздерін зерделеуді, оқу процесін ұйымдастыруды, сабақты құру принциптерін, оқушылардың үлгерімін бағалау әдістері мен әдістерін, оқушылардың әртүрлі санаттарымен жұмысты қамтиды. Педагогикалық стратегиялар мен әдістерді әзірлеуге, оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіруге, математикалық есептерді шешу дағдыларын қалыптастыруға және бағалау нәтижелерін талдауға ерекше назар аударылады.</p>	6				✓	✓	✓				✓		

			Курс сонымен қатар дарынды оқушылармен, ерекше қажеттіліктері бар оқушылармен, шетелдік оқушылармен жұмыс істеу аспектілерін және инклюзивті педагогиканы дамытуды қамтиды.														
КП	ТК	Мамандыққа кіріспе	Пәннің мақсаты-математика мұғалімінің кәсіби қызметінің негіздерімен танысу, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру және мұғалімнің білім беру үдерісіндегі рөлін түсіну. Пәннің мазмұны математикалық білім берудің даму тарихын, қазіргі қоғамдағы математиканың рөлін, математиканы оқытудың негізгі тәсілдері мен әдістерін, Қазақстандағы математикалық білім берудің құрылымы мен мазмұнын зерделеуді, оқу-әдістемелік материалдармен, оқу процесін ұйымдастыру принциптерімен, бағалау және бақылау мәселелерімен, математиканы оқытудың кәсіби этикасы мен дидактикасымен танысуды қамтиды. Курс сонымен қатар математика мұғалімінің әртүрлі білім беру мекемелеріндегі және оқушылардың әртүрлі санаттарындағы жұмыс ерекшеліктерімен танысуды қамтиды.	4						✓			✓	✓			✓
		Академиялық жазу негіздері	Пәннің мақсаты-академиялық сипаттағы жазбаша мәтіндерді (эссе, реферат, реферат, мақала, тезистер және т.б.) құру принциптерін игеру және оларды жазу дағдыларын игеру. Мазмұны: Баспа басылымдары мен электрондық ресурстарды библиографиялық сипаттау тәжірибесі, өз бетінше іздеу, жеке жазбаша жұмыстарды ресімдеу, ғылыми жұмыстарды көпшілік алдында ұсыну және талқылау, пікірталас жүргізу және өз ұстанымын қорғау дағдылары жинақталады.		✓	✓											
КП	ТК	Математиканы оқытудағы ақпараттық технологиялар	Пәннің мақсаты-заманауи ақпараттық технологиялармен және олардың Математиканы оқыту мен оқытуда қолданылуымен таныстыру, оқу процесінде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру.	5			✓		✓				✓				





			қарастырылады; Джорданның қалыпты формасы туралы теориялық білім. Топ теориясын, топтағы іс-әрекеттермен практикалық дағдыларды меңгеру. Алгебраға тән мәлімдемелерді дәлелдей білу; математикалық есептерді шешу үшін алгебра әдістері мен сандар теориясын қолдану; әртүрлі қолданбалы есептерді зерттеу үшін алгебра әдістерін меңгеру.														
